

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Орындаған: Мұхамбетәлі Ұлбике

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТҰЛҒА ДАМУЫНЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ.

- Мектепке дейінгі балалық шақта (үштеп жеті жасқа дейін) организмнің қарқынды жетілуі жалғаса түседі. Жалпы өсумен қатар ткандар мен мүшелердің анатомиялық қалыптасуы және функциялық дамуы жүріп жатады. Скелеттің сүйектеніп, бұлшықтың еттердің сомдануының, тыныс алу, қан айналу мүшелерінің дамуының үлкен маңызы бар. Ми салмағы 1110 грамнан 1350 грамға дейін өседі. Үлкен ми сыңарлары қабықтарының реттегіш ролі мен оның ми қабығы астындағы орталықтарды бақылуы арта түседі. Шартты рефлексдердің пайда болу жылдамдығы артып, әсіресе екінші сигнал жүйесі қарқынды дамиды. Дене дамуы баланың дербестігінің арта түсуі үшін, тәрбие мен оқыту процесінде қоғамдық тәжірибенің жаңа формалары игеруі үшін қолайлы жағдайлар жасайды

В.С. МУХИНА БОЙЫНША МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МОТИВАЦИЯСЫ:

- мінез-құлықтың саналы регуляциясы күшейеді, мотивтер мен қажеттіліктер көлемі ұлғаяды, рухани және материалды қажеттіліктер сферасы кеңейеді, қарым-қатынасқа деген қажеттілік, жетістікке жету, басқарушылыққа қажеттілік сияқты әлеуметтік қажеттіліктер нығая түседі. Көп білу, басқалардан жоғары болу, өзі жасай алу сияқты қарапайым қажеттіліктер пайда болады .

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ КЕЗЕНДЕ БАЛАНЫҢ ЗЕЙІНІ ТӨҢІРЕКТЕГІ ЗАТТАРҒА ЖӘНЕ ОСЫЛАР АРҚЫЛЫ ОРЫНДАЛАТЫН ІС-ӘРЕКЕТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЫНТАМЕН СИПАТТАЛЫНАДЫ. БАЛА БІР НӘРСЕГЕ ЫНТАСЫ ӨШПЕЙ ТҰРҒАН КЕЗДЕ ҒАНА ЗЕЙІНІН ШОҒЫРЛАЙДЫ. ЖАҢА БІР НӘРСЕ ПАЙДА БОЛЫСЫМЕН-АҚ БАЛАНЫҢ ЗЕЙІНІ ЛЕЗДЕ СОҒАН АУАДЫ. СОНДЫҚТАН БАЛАЛАРДЫҢ ҰЗАҚ УАҚЫТ БІР ІСПЕН ШҰҒЫЛДАНУЫ СИРЕК БОЛАДЫ.

